

**"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі № 1005 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 14 қыркүйектегі № 694 қаулысы

**Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі № 1005 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*

**"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі № 1005 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі № 1005 Жарлығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында:

"5. Мемлекеттік қаржыны басқару саясатын қалыптастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері" деген бөлімде:

"5.3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану саясаты" деген кіші бөлімде:

"ҚРҰҚ қаражатын пайдалану" деген тарауда:

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстандық қамту үлесінің кемінде 85 % болуын көздейтін елдің транзиттік және экспорттық әлеуетін ұлғайту жөніндегі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін эмиссияланатын "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ борыштық бағалы қағаздарын сатып алуды қоспағанда, мемлекеттік, квазимемлекеттік және жеке сектор субъектілерінің қазақстандық бағалы қағаздарын, акциялар пакеттерін, қазақстандық компаниялардың

қатысу үлестерін сатып алуға, екінші деңгейдегі банктерді қорландыруға, ҚРҰҚ-дан заңды және жеке тұлғаларға тікелей кредит беруге, активтерді міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде пайдалануға тыйым салынады.";

"ҚРҰҚ пайдалану бойынша шектеулер" деген тарауда:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстандық қамту үлесінің кемінде 85 % болуын көздейтін елдің транзиттік және экспорттық әлеуетін ұлғайту жөніндегі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін эмиссияланатын "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ борыштық бағалы қағаздарын сатып алуды қоспағанда, ҚРҰҚ қаражатын қазақстандық эмитенттердің ішкі қаржы құралдарына инвестициялауды қоса алғанда, сондай-ақ ҚРҰҚ-дан берілетін нысаналы трансферттер есебінен мемлекеттің ағымдағы шығыстарын қаржыландыруға/бірлесіп қаржыландыруға ҚРҰҚ қаражатын кез келген өзгеше пайдалануға тыйым салынады.".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ.Тоқаев*